

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина Университеті

Студенттің Өзіндік Жұмысы

Тақырыбы: Мезгіл кезінде ішкі ағзалардың, көру
ағзаларының және жүйке жүйесінің зақымдалуы.
Орындаған: Жолдасбаев С.К

Тобы 402 “А”

Тексерген: Исалиева Г.Н

Ақтөбе 2018 жыл

ЖОСПАРЫ:

I. КІРІСПЕ.

Мерездің этиологиясы мен патогенезі.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Мерездің кезеңдері.


Мерез кезінде жүйке жүйесінің зақымдалуы.


III. ҚОРЫТЫНДЫ.



**Мерез (латынша : *Syphilis*;
қытайша : 梅毒) —
жұқпалы созылмалы ауру.**

ЭТИОЛОГИЯСЫ:





➤ Ауру қоздырғышы: ақшыл спирохеталар (трепонемалар). Пішіні спираль тәрізді, өте жылдам қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Әрбір ақшыл спирохеталар көбею нәтижесінде бірнеше бөліктерге бөлінеді. Ақшыл спирохеталардың көбею ұзақтығы 33 сағат (бұл мерез ауруын емдеу кезінде өте қажет). Қолайсыз жағдайларда спирохетталар циста түзеді немесе L – формада сақталады.




➤ Қоздырғышты ең алғаш 1905 жылы Шаудин мен Гоффман ашқан.

➤ Ол тек адамда ғана болады. Көбінесе жыныстық жақындасу арқылы жұғады. Кейде осы аурумен ауырып жүрген адаммен сүйіскенде, сол адам пайдаланған орамал, қасық, шанышқы, қылдырық (тіс шұқығыш), ерін бояуы, темекі арқылы да жұғуы мүмкін. Мерез қан берген адамның қаны, ананың емшек сүті арқылы да жұға береді.

Патогенезі:




Мерездің кезеңдері:



Мерез ауруы үш кезеңге бөлінеді. Алғашқы жасырын кезеңде сырқаттың белгісі үш-төрт аптадан кейін ғана біліне бастайды. Бұл кезде оның диагнозын дөп басып тану қиын. Бозғылт спирохета (латынша: *Treponema pallidum*) қан арқылы адам организміне толық тарайды. Бұл кезең үш-төрт аптаға, кейде үш айға дейін созылады.

Бұл кезеңде адам өзінің ауырғанын білмейді, сондықтан, тиісті ем-дом жасалмай, ауру асқына береді де, басқаларға жұғады.





- **Алғашқы жасырын кезеңде сырқаттың белгісі үш-төрт аптадан кейін ғана біліне бастайды. Бұл кезде оның диагнозын дөп басып тану қиын. Бозғылт спирохета (латынша : *Treponema pallidum*) қан арқылы адам организміне толық тарайды. Бұл кезең үш-төрт аптаға, кейде үш айға дейін созылады.**
- **Бұл кезеңде адам өзінің ауырғанын білмейді, сондықтан, тиісті ем-дом жасалмай, ауру асқына береді де, басқаларға жұғады.**





Ауру белгісі пайда болғаннан кейінгі бір апта ішінде жара маңайындағы бездер үлкейіп ісе бастайды. Бірақ, ол жанға батып ауырмайтындықтан, сырқаттың оған көңіл аудармауы да мүмкін. Ауру жұққаннан кейін бір жарым-екі айдың ішінде де сырқаттың жалпы көңіл-күйі пәлендей өзгере қоймайды, бірақ, аздаған әлсіздік, буындардың сырқырауы, дене қызуының ептеп көтерілуі байқалады.





Ауру жұққаннан кейін екі-үш ай өткесін мерездің екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңде теріге бөртпе қаптап кетеді, бірақ, ол теріні түсірмейді және науқасқа да айтарлықтай әсер етпейді. Еріннің, ауыздың ішкі сілекей қабына ақ таңдақтар түседі. Кейде дауыс қарлығуы да мүмкін, сонымен қатар, теріде қызғылт түйіршіктер пайда болады. Жыныс мүшелеріне шыққан майда түйіндер бара-бара үлкейе түседі. Кейде біріне-бірі қосылып, үлкен жараға айналады.




Осыдан соң мерез үшінші кезеңге өтеді. Бұл кезеңде сырқат организмы мүлде әлсіреп, ми мен жұлын жүйелерінің жұмысы бұзылады, адам сал болып қалады, көзі көрмейді, жүкті әйелдер бала тастайды, жүрек, өкпе, бауыр қызметтері нашарлайды. Мұрын кеңсірігі опырылып, адам пұшық болып қалады. Сонымен қатар периартерит, аневризма құбылыстары көрінеді. Осыған байланысты кейбір ағзаларда атрофия немесе инфаркт пайда болады.



- *Жүйке жүйесінің мерезі –(нейросифилис) (neurosyphilis): ерте (neurosyphilis praecox) – ерте пайда болатын мерез 5 жасқа дейін, кеш пайда болатын мерез (neurosyphilis tarda) – 5 жасстан кейін.*
- *Висцеральді мерез (syphilis visceralis) - бұл ішкі ағзалардың зақымдалуымен жүретін мерез (жүрек, бас миы, жұлын, өкпе, бауыр, асқазан).*

A group of four surgeons, two men and two women, are shown from the chest up. They are wearing blue surgical scrubs, white surgical masks, and white bouffant hairnets. They are looking directly at the camera against a solid purple background. The text 'Мерездің диагностикасы:' is overlaid in the center in a bold, yellow, sans-serif font.

**Мерездің
диагностикасы:**



Мерезді анықтау үшін қан тапсыру қажет. Қан тапсырудың екі тәсілі қолданылады: трепономдық емес (RPR, RW кардиолипінді антигенмен) және трепономды (РИФ, РИБТ, RW трепономды антигенмен);

ҚОРЫТЫНДЫ.

- **Жалпылама анализ тапсырғанда (аурухана, поликлиникаларда) трепономдық емес қан тапсыру әдісі қолданылады. Бірақ егер мерез анықталып жатса, толық сенімді болу үшін трепономдық қан тапсыру әдісі қолданылады.**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

1. А.А.Кубановой 2008ж
2. Тарасенко Г.Н 2012ж
3. Самцов А.В 2010ж
4. Скрипкин Ю.К 2009ж